**Бекітемін:**
**ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:______________ Ж. Балғабаева**
**_____________________ 2025жыл**

**Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы**
**Топ:Құлпынай " мектеп алды тобы**
**Балалардың жасы: 5 жастан**
**Педагогтың аты-жөні : Утегенова Г.Ж**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қараша айы 2025 жыл 2 апта**

**Қараша – әділдік және жауапкершілік айы**
Жауапты болу
Уәделерді орындай білу
Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 10.11.2025 ж | Сейсенбі 11.11.2025 ж | Сәрсенбі 12.11.2025ж | Бейсенбі 13.11.2025ж | Жұма 14.11.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Мен отбасымды жақсы көремін.<br>Отбасы мүшелерін бүкіл параққа, бір сызықтың бойына орналыстыра бейнеленген суретті бояу.**шығармашылылық, Адал азамат біртұтас тәрбие**<br>Тәрбие отбасынан басталады. ***Апта дәйек сөзі*** | мен кім болам?Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. **Сөйлеуді дамыту** | Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын.Көленкесін тап .Заттардың көленкесін табады, биіктігі мен ұзындығын ажыратады, салыстырады.<br>**Математика негіздері** | «Түрлі түсті моншақтар» ермексазды пайдаланып кішкентай дөңгелектер жасау арқылы,қолдың моторикасын дамыту.<br>**Шығармашылық дағды** | Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.**Адал азамат біртұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:**Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** Сөздердің сыры<br>**Кіріспе:** Көп мағыналы сөздер туралы әңгімелеу арқылы балалардың тіл байлығын арттыру<br>**Міндеті:**<br>Көп мағыналы сөздерді түсіну және ажырату<br>Сөйлемде дұрыс қолдану<br>Ойлау қабілетін дамыту<br>**Әдісі:** Түсіндіру, салыстыру, ойын «Бір сөз | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Кейіпкерлер әлемі<br>**Кіріспе:** Кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекетін сипаттауға үйрету<br>**Міндеті:**<br>Кейіпкерлердің жақсы және жаман әрекеттерін ажырату<br>Оларға өз көзқарасын білдіру<br>Мәнерлеп сөйлеу дағдысын дамыту | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттардың өлшемін салыстырамыз<br>**Кіріспе:** Заттардың шамалары арасындағы қатынасты түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>«Ұзындау», «қысқалау», «биіктеу» ұғымдарын меңгерту<br>Өлшем бойынша салыстыруға үйрету<br>**Әдісі:** Бақылау, салыстыру, сұрақ-жауап | **Қазақ тілі**<br>**«Қазақтың ұлттық тағамдары»**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*қымыз, шұбат, бауырсақ, ет, сорпа, жент, ірімшік, талқан.*<br>**Фонематикалық жаттығу:**<br>«Қ», «Ғ», «Ө», «Ү» дыбыстарын орнында айту.<br>**Грамматикалық жаттығу:**<br>Жайылма сөйлем құрау:<br>– Апа ыстық бауырсақ пісіріп жатыр.<br>– Ата қымыз ішіп отыр.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Шартты өлшем арқылы өлшеу<br>**Кіріспе:** Заттың ұзындығын шартты өлшем көмегімен анықтауға үйрету<br>**Міндеті:**<br>Өлшеудің мәнін түсіндіру<br>Шартты өлшеммен өлшеу тәсілін қолдануға үйрету<br>**Әдісі:** Көрнекілік, тәжірибелік жұмыс<br>**Тапсырмасы:**<br>Таяқшаның ұзындығын сіріңке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – бірнеше мағына»<br>**Тапсырмасы:**<br>*Бас* сөзін қолдану: *адамның басы, таудың басы, ұйым басшысы*<br>Осы сөздермен сөйлем құрастыру<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сөз және оның мағынасы<br>**Кіріспе:** Сөздердің әртүрлі мағына беретінін түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>Сөздердің мағынасына назар аударуға үйрету<br>Синоним сөздер арқылы түсінікті сөйлеуге баулу<br>**Әдісі:** Түсіндіру, ойын «Мағынасы ұқсас сөздер»<br>**Тапсырмасы:**<br>Мысалы: әдемі – сұлу, батыл – ержүрек<br>Балалар осы сөздерді сөйлемде қолданады<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып жартылай отырып-тұру.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жұппен және топпен жүгіру; баяу, орташа және жылдам қарқынмен жүгіру (1,5–2 мин).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Қол, иық, тізе қозғалыстарын әуенмен орындау.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Допты оң және сол аяқпен жүргізу, қақпаға тебу.<br>**Қимылды ойын:** | **Әдісі:** Талқылау, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс<br>**Тапсырмасы:**<br>«Қызыл телпек» ертегісінен үзінді тыңдау<br>Балалар қасқыр мен әжені салыстырады, кімге ұқсайтынын, неліктен ұнайтынын айтады<br>**Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау үйренеміз<br>**Кіріспе:** Сөздің дыбыстық құрамын талдауға жаттықтыру<br>**Міндеті:**<br>Сөздегі дыбыстардың санын, ретін ажырату<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды атауға үйрету<br>**Әдісі:** Талдау, ойын «Қанша дыбыс бар?»<br>**Тапсырмасы:**<br>*Бала, гүл, күн, қол* сөздерін дыбыстарға бөлу<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды жоғары көтеру, жан-жаққа созу; иық пен белге айналмалы қозғалыстар.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Кедергілер арасымен жүгіру, бағытты өзгерту, «жыланша» жүгіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Секіру, бұрылу, иық қимылдарын музыка ырғағымен үйлестіру.<br>**Спорттық** | **Тапсырмасы:**<br>Үш түрлі қарындашты салыстырып, қайсысы ұзындау екенін анықтау<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Көкөністер әлемі<br>**Кіріспе:** Көкөністермен таныстыру және бояу дағдысын жетілдіру<br>**Міндеті:**<br>Көкөніс атауларын меңгерту<br>Суреттерді бастырып бояуға үйрету<br>**Әдісі:** Көрсету, бояу, әңгімелеу<br>**Тапсырмасы:**<br>Қызанақ, сәбіз, қияр суреттерін бастырып бояу<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қол және аяқ бұлшықеттерін созу, тепе-теңдік жаттығулары.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Кедергіден өту, жүгіру мен жүруді алмастыру, 100 метрге жүгіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыканың ырғағына сәйкес қол мен аяқ қозғалысын орындау.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Допты серігіне дәл бағыттап тебу.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Эстафета»* — белгіленген бағытта допты кезекпен алып өту.<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Күн тәртібін сақтау туралы түсінік.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** | Балалар сурет бойынша ұлттық дастарқан туралы әңгіме құрайды.<br>**Ойын:** *«Дастарқанды толтыр»*<br>Тәрбиеші атайды: «Ірімшік әкел!» – бала суретті табады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Кейіпкерге хат<br>**Кіріспе:** Ертегі кейіпкеріне өз ойын білдіру арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру<br>**Міндеті:**<br>Кейіпкердің ісіне баға беру<br>Өз пікірін еркін айтуға баулу<br>Сөйлем құрау қабілетін арттыру<br>**Әдісі:** Әңгімелеу, пікір айту, ойын «Кімге хат жазамыз?»<br>**Тапсырмасы:**<br>Балалар сүйікті кейіпкеріне хат құрастырады<br>Мысалы: *Қызыл телпек, сен батылсың, мен сені жақсы көремін!*<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Түрі мен түсі бойынша салыстырамыз<br>**Кіріспе:** Заттардың түстері мен пішіндерін ажыратуға үйрету<br>**Міндеті:**<br>Заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша салыстыру<br>Классификация дағдысын қалыптастыру<br>**Әдісі:** Суретпен жұмыс, ойын «Түсі бойынша тап!»<br>**Тапсырмасы:**<br>Қызыл, сары, көк түсті фигураларды топтарға бөлу<br><br>**Музыка**<br>**«Достық биі»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>«Сәлем, музыка әлемі!» әнімен амандасу.<br>**Музыка тыңдау:** | қорабымен өлшеу<br>**Қазақ тілі**<br>**«Көркем шығарманы тыңдап, мазмұндау»**<br>Тәрбиеші балаларға халық ертегісін немесе шағын әңгімені мәнерлеп оқиды (мысалы, *«Егінші мен қасқыр»*, *«Момын қойшы»*).<br>**Тыңдалым мен сөйлеу:**<br>Балалар оқиға желісін реттілікпен айтып береді:<br>– Алдымен не болды?<br>– Кейін не істеді?<br>– Соңында не болды?<br>**Диалог ойыны:**<br>Екі бала кейіпкерлердің сөзін мәнерлі дауыс ырғағымен айтады.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>4–5 сөйлеммен мазмұндау және қорытынды ой айту:<br>«Бұл ертегі еңбекқор адам туралы.»<br>«Еңбек етсең, бәріне жетесің.»<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Ата-анамның еңбегі<br>**Кіріспе:** Балаларға өз ата-аналарының еңбегі туралы түсінік қалыптастыру<br>**Міндеті:**<br>Ата-ананың еңбегін құрметтеу<br>Отбасындағы еңбек түрлерін ажырату<br>**Әдісі:** Әңгімелеу, сурет көрсету, ойын «Менің әкем – ... менің анам – ...»<br>**Тапсырмасы:**<br>Балалар өз ата-анасының мамандығын айтып береді<br>Сурет салады: «Менің ата-анам жұмыста» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *«Кім жылдам қақпаға тигізеді?»*<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Суық тиюдің алдын алу, дұрыс киіну.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>Қолды сабындап жуу, ауызды шаю.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Тыныс алу жаттығулары, ауа ваннасы.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Біздің балабақшада кімдер еңбек етеді?<br>**Кіріспе:** Балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру<br>**Міндеті:**<br>Тәрбиеші, аспаз, күтуші, еден жуушы еңбегін таныту<br>Балаларда алғыс пен құрмет сезімін ояту<br>**Әдісі:** Таныстыру, бақылау, сұрақ-жауап<br>**Тапсырмасы:**<br>Балалар топтағы тазалықты сақтауға, үстелдерді сүртуге көмектеседі<br>Күтушіге алғыс айту сөздерін айту | **жаттығулар:**<br>Футбол элементтері – допты жүргізіп қақпаға тебу.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Кім шебер ойыншы?»* — балалар кедергіден өтіп допты бағыттайды.<br>**Салауатты өмір салты:**<br>Таза ауа мен қозғалыстың денсаулыққа әсерін түсіндіру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>Сүлгіні дұрыс қолдану, жеке тазалық сақтау.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Таңертеңгі сергіту жаттығулары.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым<br>**Кіріспе:**<br>Ойыншықтардың пішіні мен түстерін бақылау, өз бетінше суреттеу және бейнелеу әрекеттерін біріктіріп орындауға баулу.<br>**Міндеті:**<br>Пішін мен пропорцияны сақтай отырып ойыншық бейнесін жасау<br>Бояу мен материалды дұрыс таңдауға үйрету<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту | Тісті тазалау, қол жуу.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Қол мен табан бұлшықеттерін дамыту жаттығулары.<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** Синоним мен антоним достығы<br>**Кіріспе:** Сөздердің ұқсастығы мен қарама-қарсылығын түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>Синоним және антоним сөздерді таныту<br>Сөйлеуде дұрыс қолдануға үйрету<br>Тілдік қорды байыту<br>**Әдісі:** Түсіндіру, ойын «Қарама-қарсы сөзді тап», суретпен жұмыс<br>**Тапсырмасы:**<br>*Жылы – суық, үлкен – кіші, әдемі – сұлу* сөздерін салыстыру<br>Балалар сөйлемде қолданады: *Жылы күн, суық жел* | Көңілді балалар биінің әуені тыңдалады. Балалар қай сәт көңілді екенін анықтайды.<br>**Ән айту:**<br>«Біз – достармыз!» әні. Дауысты таза, сенімді шығару.<br>**Қимыл:**<br>Жұптасып айналу, иық тіресіп би қимылдарын орындау.<br>**Би шығармашылығы:**<br>Балалар таныс қимылдардан өз биін құрастырады. Музыка фразасына сай қозғалысты өзгертуді үйренеді.<br>**Аспап:**<br>Дауылпаз және сылдырмақпен топтық сүйемелдеу.<br>**Қоштасу кезеңі:**<br>Күлімдеп қол бұлғау арқылы қоштасу. | **Музыка**<br>**«Әуен және көңіл күй»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>«Көңілді күн» әнімен амандасу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Көңілді және мұңды әуендерді салыстыру.<br>**Ән айту:**<br>«Күн шыққанда» әнін орындау. Әуеннің жеңілдігіне сай ән айту.<br>**Қимыл:**<br>Күннің шығуын, гүлдің ашылуын бейнелейтін қимылдар.<br>**Би шығармашылығы:**<br>Балалар өз қимылдарын ойлап тауып, шағын сахналық көрініс жасайды.<br>**Аспап:**<br>Қоңыраушалар мен сылдырмақтарды қолдану.<br>**Қоштасу кезеңі:**<br>Баяу әуенмен қол ұстасып қоштасу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Әдісі:** Көрсету, әңгімелеу, бейнелеу жаттығулары<br>**Тапсырмасы:**<br>Балалар өз ойыншығының суретін салады<br>Пластилиннен ойыншық мүсіндейді<br>Қағаздан сол ойыншықтың бейнесін қиып, жапсырады<br>Конструктордан ойыншыққа арналған сөре немесе үй құрастырады | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Қарашаайына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Балалардың қалауы бойынша ойша бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>Еңбек құралдарын таныстыру. Оларды қалай қолдану керектігі туралы ойыншық құралдармен жасап көру. **(танымдық іс әрекет)**<br><br>Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету **(зерттеу іс әрекеті)** | Ұшақтар мен көліктердің қыс мезгіліне дайындығы туралы фильм көрсету, пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар ойындар ойнату. **(Танымдық,зерттеу іс-әрекет )** | Егіншілердің, фермерлердің еңбегімен таныстыру. Қысқа дайындықтағы рөлін түсіндіру. Кітаптардан суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан өзінің қысқа дайындығы жайында шығармашылық жұмыс жасау **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)**<br><br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардыңырғағынму зыка әуеніменүйлестіру. **(музыка)** | «Құстар қайтып барады» ұжымдық шығармашылық жұмыс. (мольбертте) **(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>Құрастыру материалдарынан әр түрлі заттар құрастыру. Заттар,олардыңбелгілерін нақтылаужәнебейтаныстзаттардыңқолданылуын түсіну. **(Танымдық, іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | .......... айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуды үйрету | .............. мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтуға үйрету | ................ тура және кері санауды үйрету | .............. өз істерін жауапкершілікпен орындауға тырысуға үйрету | ........................ тәртіп ережелерін үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | ««Аю оянды»<br>**Міндеті:** Балалардың ептілігін, шапшаңдығын дамыту, ойын ережесін сақтауға үйрету.<br>**Шарты:** Бір бала – аю, қалғандары қашады, аю ұстайды. | «Қояндар секіреді»<br>**Міндеті:** Екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру, аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар қоян сияқты белгіленген жерге дейін секіріп барады. | «Кім тез?»<br>**Міндеті:** Балалардың жылдам қимылдауын, белгі бойынша әрекет етуін дамыту.<br>**Шарты:** Белгі берілгенде балалар межеге дейін жүгіріп барып, кері қайтады. | ««Қояндар секіреді»<br>**Міндеті:** Екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру, аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар қоян сияқты белгіленген жерге дейін секіріп барады. | «Аю оянды»<br>**Міндеті:** Балалардың ептілігін, шапшаңдығын дамыту, ойын ережесін сақтауға үйрету.<br>**Шарты:** Бір бала – аю, қалғандары қашады, аю ұстайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |